

Айлық есептік көрсеткіштің қырық бес еселенген мөлшерінен артық микрокредит көлемінде  
**МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТ**

**1. Шарт жасасу тәртібі.**

1.1. Осы микрокредит беру туралы шарт (бұдан әрі – «Шарт») қосылу шарты болып табылады және «Ломбард «ОРЛАН» ЖШС (бұдан әрі – «Қарыз беруші» және/немесе «Кепіл ұстаушы») микрокредит беруінің стандартты талаптарын белгілейді. Микрокредиттің жеке шарттары Кепіл билетінде белгіленеді. Шарт бір жылға дейінгі мерзімге микрокредиттер үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде айқындалған талаптары бар микрокредит беру туралы шарт болып табылады және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен жасалады.

1.2. Шарт Қарыз беруші мен Қарыз алушы (бұдан әрі – «Қарыз алушы» және/немесе «Кепіл беруші») арасында Кепіл билетіне, Шартқа қосылу туралы өтінішке (бұдан әрі – «Қосылу туралы өтініш») және микрокредитті өтеу Кестесіне қол қою арқылы жасалады. Кепіл билеті қосылу туралы өтінішке титулдық парақта жазылады.

Қол қойылған кепіл билеті, қосылу туралы өтініш және микрокредитті өтеу кестесі Шарттың ажырамас бөлігі және шарт жасасу фактісін растайтын, бірыңғай құжатты құрайтын құжаттар болып табылады.

1.3. Қарыз алушының/Кепіл берушінің Кепіл билетіндегі және қосылу туралы өтініштегі қолы Қарыз алушының/Кепіл берушінің Шартты қандай да бір ескертулер мен қарсылықтарсыз толық көлемде оқығанын, түсінгенін және қабылдағанын және оған тұтастай қосылғанын, оның талаптарымен келісетінін, сондай-ақ Қарыз берушінің/Кепіл ұстаушының микрокредиттер беру қағидаларымен, Қарыз алушының/Кепіл берушінің микрокредит бойынша өз міндеттемелерін қамтамасыз ету талаптарымен танысқанын және келісетінін куәландырады.

1.4. Егер Қарыз берушіде/Кепіл ұстаушыда Кепіл билетінің және Қарыз алушы/Кепіл беруші қол қойған шартқа қосылу туралы өтініштің данасы болса, Қарыз алушы/Кепіл беруші Шарттың оқылмағандығының, түсінілмегендігінің, қабылданбағандығының дәлелі ретінде Шартта өз қолының жоқтығына сілтеме жасай алмайды.

1.5. Осы Шарт, оған енгізілген өзгерістер және/немесе осы Шарттың өзгертілген редакциялары Интернет желісіндегі ломбардтың ресми веб-сайтында мына мекенжай бойынша орналастырылады: [www.orlan.kz](http://www.orlan.kz).

**2. Шарттың жалпы талаптары.**

2.1. Қарыз беруші Қарыз алушы–жеке тұлғаға шартта белгіленген тәртіппен жылжымалы мүлік кепілімен (бұдан әрі – «кепіл заты») микрокредит береді. Микрокредит беру және кепіл затының талаптары Кепіл билетінде және Шартта айқындалады. Шағын несие мерзімділік, ақылылық, қайтарымдылық шарттарымен, жылжымалы мүлік кепілімен беріледі.

2.2. Берілетін бір микрокредиттің шекті сомасы 2 900 000 (екі миллион тоғыз жүз мың ) теңгеден аспауы тиіс. Кепіл билетінде белгіленген шарт бойынша микрокредит сомасын ұлғайтуға тыйым салынады.

2.3. Микрокредитті пайдалану мақсаты туралы мәліметтер - мақсатсыз.

2.4. Микрокредит кепіл затын кепілге алғаннан кейін шартқа қосылған күні Қарыз берушінің кассасында қолма-қол ақша беру арқылы беріледі.

2.5. Микрокредитті ресімдеудің ең ұзақ мерзімі микрокредит берілген күннен бастап 45 күнтізбелік күнді құрайды. Микрокредитті өтеу мерзімі Шарттың титулдық парағында – Кепіл билетінде және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысан бойынша микрокредитті өтеу кестесінде көрсетіледі. Тараптардың келісімі бойынша қолданыстағы немесе жақсартатын шарттарда микрокредит шартының мерзімін ұзартуға болады, бірақ 14 реттен аспайды. Микрокредит шартының жалпы мерзімі 360 күнтізбелік күннен аспайды.

2.6. Микрокредит бойынша сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері жылдық пайызбен, сыйақының мәні, сондай – ақ жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мәні (бұдан әрі –

«ЖТСМ») мөлшері кепіл билетінде көрсетіледі. Микрокредит бойынша ЖТСМ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған шекті мөлшерден - 46% - дан (қырық алты пайыз)аспауға тиіс. Микрокредит шартта белгіленген мерзімде қайтарылмаған жағдайда, сыйақы микрокредитті пайдаланудың бүкіл кезеңі үшін төленеді.

2.7. Микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісі: бір жолғы, касса арқылы қолма-қол ақшамен. Микрокредитті өтеу Қарыз алушыға микрокредит берілген Қарыз берушінің бөлімшесінде жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

2.8. Микрокредит бойынша берешекті өтеу кезектілігі:

1. өсімақы бойынша берешек;
2. сыйақы бойынша берешек;
3. негізгі борыш бойынша берешек.

2.9. Негізгі борышты уақтылы өтемегені және мерзімі өткен тоқсан күн ішінде сыйақы төлемегені үшін тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) есептеу тәртібі және оның мөлшері мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,5 (нөл бүтін оннан бес) пайызы, бірақ берілген микрокредит сомасының он пайызынан аспауға тиіс.

2.10. Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету: Шарттың титулдық парағында көрсетілген – Кепіл билетінде көрсетілген және кепіл (кепілзат) мәні болып табылатын жылжымалы мүлік.

2.11. Қарыз алушы/Кепіл беруші шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған кезде, тиісінше орындамаған жағдайда Қарыз беруші қабылдайтын шаралар:

2.11.1.Қарыз беруші/Кепіл ұстаушы микрокредитті өтеудің белгіленген күнінен бір айға тең кепілді күту мерзімі өткеннен кейін кепіл нысанасын соттан тыс сатуды жүзеге асырады. Қарыз алушы / Кепіл беруші шартқа қол қоя отырып, кепіл нысанасын соттан тыс, оның ішінде сауда-саттық өткізбестен сатуға өз келісімін білдіреді. Қарыз берушінің/Кепіл алушының кепіл затын пайдалану мүмкіндігі Шарттың осы тармағында белгіленген негіздер бойынша кепіл затын соттан тыс сатумен, оның ішінде сауда-саттық жүргізбестен өткізумен шектеледі.

2.11.2.Телефон арқылы, оның ішінде Қарыз берушінің бастамасы бойынша интернет желісінде қоңырау шалу үшін қосымшаларды пайдалана отырып, жұмыс күні сағат 9:00-ден 21:00-ге дейінгі кезеңде бір реттен артық емес өзара іс-қимыл жасау. Әрбір өзара әрекеттесу кезінде хабарлама:

- ұйымның атауы;
- ұйымның орналасқан жері;
- өзара іс-қимылды жүзеге асыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы;
- шартта көзделген берешек құрылымының, негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдығы;
- қарыз алушының шартта, Занда көзделген жауапкершілігі және өзге де міндеттемелері, сондай-ақ шартта көзделген міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау салдары туралы .

2.12.3. Қарыз беруші/кепіл ұстаушы өзара іс-қимыл жасаған кезде мынадай шектеулер сақталады:

- осы Шарттың 2.12.2 тармақшасында көзделмеген тәсілдермен және кезеңде өзара іс-қимылды жүзеге асыруға.;
- осы шарттың 2.12.2-тармақшасында көзделген тәсілдермен және кезеңде мерзімі өткен берешекті реттеу және (немесе) өтеу үшін Қарыз алушының/кепіл берушінің орналасқан жерін және (немесе) байланыс деректерін белгілеу жағдайларын қоспағанда, шарт шеңберінде Қарыз берушімен/кепіл ұстаушымен міндеттемелермен байланысты емес үшінші тұлғамен өзара іс-қимыл жасауға ;
- мерзімі өткен берешегі бар қарыз алушыға/кепіл берушіге және (немесе) оның өкіліне және (немесе) үшінші тұлғаға тегі және (немесе) аты және (немесе) әкесінің аты (бар болса) анық емес, сондай-ақ қарыз берушінің/Кепіл ұстаушының жұмыс орны және (немесе) лауазымы туралы шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтер беруге;
- тауар мерзімі өткен берешегі бар қарыз алушыны/кепіл берушіні және (немесе) оның өкілін және (немесе) шарт шеңберіндегі ұйыммен міндеттемелермен байланысты үшінші тұлғаны берешектің мөлшеріне, сипатына және туындау негіздеріне қатысты жаңылыстыруға;
- өзара іс-қимыл жүзеге асырылатын адамның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді таратуға не осы адамның мүдделеріне мүліктік зиян келтіруі мүмкін мәліметтерді жария етуге.

2.12. Шарттың қолданылу мерзімі-шарт Қарыз алушы мен Қарыз берушінің міндеттемелері толық орындалғанға дейін қолданылады. Қарыз алушы негізгі борыш сомасын өтеу және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Шарт кепіл нысанасын өткізуге немесе осындай мүліктің Қарыз берушінің/Кепіл ұстаушының меншігіне өтуіне байланысты тоқтатылады.

2.13. Қарыз берушінің пошталық мекенжайы: 140000, Қазақстан Республикасы, Павлодар қаласы, Ак.Бектұров к-сі, 71-үй, 59-офис.

2.14. Қарыз берушінің электронды мекенжайы: orlan.lombard@mail.ru.

2.15. Қарыз берушінің ресми интернет-ресурсы: [www.orlan.kz](http://www.orlan.kz).

2.16. Қарыз беруші Шарт бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғаға берген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында Қарыз берушінің/Кепіл ұстаушының Шарт шеңберінде Қарыз алушымен өзара қарым-қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулер Қарыз алушының құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылады.

### **3. Қарыз алушының/Кепіл берушінің құқықтары.**

3.1. Микрокредиттер беру қағидаларымен, Қарыз берушінің микрокредиттер беру жөніндегі тарифтерімен танысуға.

3.2. Алынған микрокредитке Шартта белгіленген тәртіппен және шарттарда билік етуге.

3.3.Егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны одан кейінгі жұмыс күні тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) төлемей төлем жасауға.

3.4. Қарыз берушіге шарт бойынша берілген микрокредит сомасын тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) төлемей, мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға.

3.5. Қарыз алушы - жеке тұлға шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу басталған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қарыз берушіге келуге және (немесе) шартта көзделген тәсілмен Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, кірістері және Шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы, оның ішінде Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері туралы мәліметтерді, кірістерді және шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы оның өтінішіне негіз болатын басқа да расталған мән-жайларды (фактілерді) қамтитын өтінішті ұсынуға:

3.5.1. сыйақы ставкасын не шарт бойынша сыйақы мәнін азайту жағына қарай өзгертуге;

3.5.2. негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыру;

3.5.3. берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге;

3.5.4. микрокредит мерзімін өзгертуге;

3.5.5. мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жоюға;

3.5.6. ұйымға кепілге салынған мүлікті беру жолымен шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тартуды ұсынуға байланысты.

3.6. Қарыз алушы-Жеке тұлға бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту түріндегі Қарыз берушінің шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде немесе Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде Қарыз берушіні/Кепіл ұстаушыны бір мезгілде хабардар ете отырып, микрофинанс омбудсманьна жүгінуге құқылы.

3.7. Көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Қарыз берушіге жазбаша түрде жүгінуге.

3.8. Кепіл беруші/Кепіл ұстаушы келіскен кезде шарттың 9.3-тармағында көзделген талаптарды сақтай отырып, кепіл билетінде көрсетілген күтудің кепілді мерзімі өткенге дейін қолданыстағы шарттарда Шарттың қолданылу мерзімін ұлғайтуға (ұзартуға).

3.9. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

### **4. Қарыз берушінің/Кепіл ұстаушының құқықтары.**

4.1. Шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

4.2. Қарыз алушы микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді күнтізбелік қырық күннен астам бұзған кезде микрокредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге (Егер Шарт талаптарында микрокредиті бірнеше төлемдермен өтеу қарастырылса).

4.3. Қарыз алушы (Кепіл беруші) Шартта көрсетілген күтудің кепілдік берілген мерзімі өткеннен кейін негізгі борышты өтеу және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, кепіл нысанасына өндіріп алуды қолдануға және оны сауда-саттықты өткізбей өткізуді қоса алғанда, мәжбүрлеп соттан тыс тәртіппен өткізуді жүзеге асыруға, кепіл нысанасын бағалауға сәйкес тараптардың келісімінде айқындалған және тараптар қол қойған кепіл билетінде көрсетілген кепіл нысанасын меншікке айналдыруға

4.4. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қарыз берушінің ішкі бақылау қағидаларында көзделген жағдайларда ақшамен және (немесе) мүлікпен операциялар жүргізуден, сондай-ақ іскерлік қатынастар орнатудан бас тартуға және (немесе) Қарыз алушымен іскерлік қатынастарды тоқтатуға құқылы, бұл Қарыз берушінің Қарыз алушы алдындағы өз міндеттемелерін орындамауы болып табылмайды және Қарыз алушының алдында қандай да бір азаматтық-құқықтық жауаптылыққа әкеп соқпайды.

4.5. Қарыз алушының/кепіл берушінің дербес деректерін қағаз және электрондық тасығыштарда жинауды және өңдеуді, оның ішінде «Ломбард «ОРЛАН» ЖШС және «ЛОМБАРД «ORLAN-PVL» ЖШС ақпараттық базалары арасында алмасу мақсатында деректерді беруді орындау.

4.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында және шартта көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

## **5. Қарыз берушінің/Кепіл алушының міндеттері.**

5.1. Кепіл нысанасы Қарыз алушының/Кепіл берушінің өзге өтелмеген микрокредит бойынша міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету болып табылатын жағдайларды қоспағанда, Қарыз берушіге тиесілі негізгі борыштың, сыйақының және өсімпұлдың (бар болса) сомасы толық өтелгеннен кейін қарыз алушыға кепіл нысанасын қайтару.

5.2. Қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) осы Шарт бойынша Қарыз берушінің құқығын (талабын) үшінші тұлғаға беру талаптарын қамтитын шарт жасасу кезінде хабардар ету (бұдан әрі – «Талап ету құқығын басқаға беру шарты»):

5.2.1. Талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін үшінші тұлғаға беру мүмкіндігі туралы, сондай-ақ шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен осындай басқаға беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерін өңдеу туралы

5.2.2. Шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңна-масына қайшы келмейтін тәсілмен үшінші тұлғаға (шарт бойынша құқық (талап) өткен тұлғаның атауы және орналасқан жері) микрокредитті өтеу бойынша одан әрі төлемдердің тағайындалуын көрсете отырып, талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың) және төленуге жататын басқа да сомалардың, мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдықтарын көрсете отырып үшінші тұлғаға өтуі туралы.

5.2.3. Шартта (кепіл билетінде) көрсетілген Қарыз алушының электрондық пошта мекенжайына хат немес еҚарыз беруші бөлімшесінің ақпараттық тақталарында тиісті ақпараты бар хабарландыруларды орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Қарыз алушының шартта электрондық поштаның дұрыс емес немесе жоқ екенін көрсетуіне байланысты не оны қабылдаудан бас тартуға, сондай-ақ оның қабылданғанын растамауға байланысты хабарламаны жеткізу мүмкін .стігі туралы белгісі бар хабарлама қайтарылған жағдайда, хабарлама тиісінше жіберілген болып есептеледі.

5.3. Шартта (кепіл билетінде) немесе 5.3.1-тармақшада көрсетілген тәсілдердің бірімен көрсетілген Қарыз алушының электрондық пошта мекенжайына хат арқылы мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде Қарыз алушыны хабардар ету.

- шарт бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындауы және хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттілігі туралы;

-осы шарттың 3.5 -т. бойынша қарыз алушы – жеке тұлғаның Қарыз берушіге жүгіну құқығы туралы;

- қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдарлары туралы.

5.4. Хабарлама, егер ол қарыз алушыға мынадай тәсілдердің бірімен жіберілсе, жеткізілген болып есептеледі:

- Шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жеткізілсе;

- Шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша тапсырылған хатпен, оның ішінде көрсетілген мекенжай бойынша тұратын кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі алғанда; жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып;

5.4.1.Қарыз алушының шартта дұрыс емес немесе жоқ мекенжайды, оның ішінде электрондық пошта мекенжайын көрсетуіне байланысты не оны қабылдаудан бас тартуға, сондай-ақ оның қабылданғанын растамауға байланысты хабарламаны жеткізу мүмкін стігі туралы белгісі бар хабарлама қайтарылған жағдайда, хабарлама тиісінше жіберілген болып есептеледі.

5.5.Шарт талаптарына ұсынылған өзгерістерді Қарыз алушы – жеке тұлғаның өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде қарайды және қарыз алушы – жеке тұлғаға жазбаша немесе ауызша нысанда хабарлайды:

- шарт талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісім шарты туралы ;

- берешекті реттеу бойынша өз ұсыныстарын;

- бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы.

5.6..Қарыз беруші шартта көзделген тәртіппен жақсартатын талаптарды қолданған жағдайда, Шарт талаптарының өзгергені туралы Қарыз алушыны хабардар етуге міндетті.

5.7.Шартқа Тараптар қол қойған микрокредитті өтеу кестесі қоса беріледі.

5.8.Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және (немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге әкеп соғатын микрокредит шарттары өзгерген кезде жаңа шарттарды ескере отырып, Қарыз алушыға микрокредитті өтеудің жаңа кестесін жасауға және беруге.

5.9. «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабында белгіленген мерзімдерде көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде қарыз алушыға жазбаша нысанда жауап береді.

5.10. Қазақстан Республикасының заңнамасында және шартта көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

5.11. Қарыз беруші Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес микрокредит беру құпиясын сақтауға міндеттенеді.

## **6.. Қарыз берушіге/Кепіл ұстаушыға қойылатын шектеулер.**

6.1. Сыйақы мөлшерлемесін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгертуге.

6.2. Микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) қоспағанда, Қарыз алушыдан кез келген төлемдерді белгілеуге және өндіріп алуға.

6.3. Микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған Қарыз алушыдан тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) және басқа да төлемдерді талап етуге.

6.4. Шарт бойынша микрокредит сомасын ұлғайтуға.

6.5. Жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімін оның келісімінсіз және микрокредит беру туралы шарттың талаптарын сақтауды не жақсартуды қамтамасыз етпейтін шарттарда ұлғайтуға.

6.6. Егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне сәйкес келсе және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізілсе, тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) алуға.

6.7. Теңгемен берілген микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелер мен төлемдерді кез келген валюталық баламаға байланыстыра отырып индекстеуге.

6.8. Қарыз алушының/кепіл берушінің Кепіл билетінде көрсетілген мекенжайына сәйкес нотариус қызметінің аумағы бойынша емес шарт бойынша берешекті өндіріп алу үшін нотариусқа атқарушылық жазба жасау туралы өтініш беруге шектеу қойылады

## **7. Қарыз алушының/Кепіл берушінің міндеттері.**

7.1. Алынған микрокредитті қайтару және ол бойынша сыйақыны, өсімпұлды (бар болса) шартта белгіленген мерзімдер мен тәртіппен төлеу.

7.2. Шартта көрсетілген ұялы телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, тұрғылықты мекенжайы өзгерген жағдайда, өзгертілген күннен бастап бес күн ішінде дереу, бірақ кез келген жағдайда жаңартылған деректерді Қарыз берушіге хабарлау.

7.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында және шартта көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

7.4. Кепілге тыйым салынбаған, үшінші тұлғалардың талаптарынан бос және қылмыс объектісі болып табылмайтын тек оның меншігі болып табылатын мүлікті беру.

## **8. Шарт тараптарының міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілігі.**

8.1. Шарттың тараптары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Шарттың талаптарына сәйкес жауапты болады.

8.2. Шарттың қолданылу мерзімі Шарттың 9.4-тармағының 9.4.2-тармақшасында көрсетілген тәсілмен ұзартылған кезде, Қарыз алушы төлем жасау үшін қажетті параметрлердің дұрыс толтырылуына жауап береді, атап айтқанда:

- Қарыз алушының ЖСН;
- Шарт нөмірі (Кепілдік билеттің);
- төлем сомасы;
- бір реттік төлем коды.

## **9. Шарт талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі.**

9.1. Шарттың Тараптары оған қосымша келісім жасасу арқылы шарттың талаптарын, Қарыз алушы үшін оларды жақсарту мақсатында Қарыз беруші біржақты тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы болған жағдайларды қоспағанда, өзгерте және толықтыра алады.

9.2. Шарт талаптарының келісімі бойынша шарттың қолданылу мерзімін қолданыстағы немесе жақсартатын талаптарда ұлғайту (ұзарту) мүмкін. Бұл жағдайда микрокредитті өтеудің жаңа күні микрокредитті өтеу кестесіне енгізіледі.

9.3. Қолданыстағы немесе жақсартатын шарттарда Шарттың қолданылу мерзімін ұлғайту (ұзарту) кезінде. Қарыз алушы Қарыз берушіге осы Шарттың 2.5-тармағында көрсетілген талаптарды бір мезгілде сақтай отырып, шарттың қолданылу мерзімін ұлғайтуды (ұзартуды) жүзеге асырғысы келетін күндер саны үшін сыйақы төлейді.

9.4. Шарттың қолданылу мерзімін ұлғайту (ұзарту) жүзеге асырылуы мүмкін:

9.4.1. Қарыз алушыға микрокредит берілген Қарыз берушінің бөлімшесінде;

9.4.2. Kaspi.kz bank мобильді қосымшасы арқылы ағымдағы жұмыс күні сағат 17:00-ге дейін, сағат 17: 00-ден кейін жіберілген төлемдер келесі күні есептеледі.

9.5. Шарттың 9.4-тармағының 9.4.2-тармақшасында көрсетілген тәсілмен Шарттың қолданылу мерзімін ұлғайтуға (ұзартуға) ниетті Қарыз алушы төлем жасамас бұрын шағын несие алған ломбард бөлімшесіне қоңырау шалып, анықтауға міндеттенеді:

- Шарттың мерзімдерін ұлғайту (ұзарту) мүмкіндігін;
- Шартты ұзартудың таңдалған мерзімі үшін төлем сомасын;
- ағымдағы жұмыс күні ішінде ғана жарамды болып табылатын төлемнің бір реттік кодын.

9.5.1. Онлайн төлеммен аударылған сома тек өтеуге жіберілуі мүмкін (көрсетілген кезектілікпен):

1. есептелген өсімпұл (бар болса);
2. микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы.

9.5.2. Егер Қарыз алушы Шарттың мерзімін ұзартуға қажетті сомадан артық қаражат аударса, артық сома мән-жайлар анықталғанға дейін Қарыз берушінің шотында қалады.

## **10. Микрокредитті төлеу тәртібі.**

10.1. Микрокредитті толық өтеу, оның ішінде микрокредитті мерзімінен бұрын толық өтеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде Қарыз алушыға микрокредит берілген Қарыз берушінің бөлімшесіндегі қарыз берушінің кассасы арқылы қолма-қол ақшамен жүргізіледі.

Микрокредитті толық өтеу Қарыз алушы микрокредитті толық өтеу күніне Қарыз берушіге тиесілі сыйақы мен өсімпұлды (бар болса) толық төлеген жағдайда жүзеге асырылады.

10.2. Сыйақыны Қарыз алушы микрокредитті беру күні мен өтеу күнін қоса алғанда, микрокредит затын пайдаланудың бүкіл кезеңі үшін төлейді.

### **11. Шарттың өзге талаптары.**

11.1. Микрокредит шарттары: микрокредит мерзімділік, қайтарымдылық, ақылылық шарттарында, жылжымалы мүлік кепілімен беріледі.

11.2. Қарыз алушы Кепіл билетінде көрсетілген ұялы телефон нөмірі мен электрондық пошта мекенжайы дұрыс және жарамды екенін растайды.

11.3. Қарыз алушы Кепіл билетінде көрсетілген ұялы телефон нөміріне немесе электрондық поштаға жіберілген СМС-хабарламалар немесе электрондық хаттар арқылы Қарыз берушінің кез келген хабарламаларын алуға келісім береді және СМС-хабарлама немесе электрондық поштаға хат арқылы жолданған хабарлама Қарыз алушының тиісінше хабарламасы болып табылатынына келіседі.

11.4. Қарыз беруші СМС-хабарламалар мен электрондық хаттарды жіберу кезінде кез келген телефон желілерінің, операторлардың немесе қызметтердің кез келген техникалық іркілістері немесе өзге де проблемалары үшін жауапты болмайды. Қарыз алушы ұсынған ұялы телефон нөмірінің немесе электрондық пошта мекенжайының дұрыс еместігі немесе жарамсыздығы үшін, сондай-ақ Қарыз алушының телефон нөмірін немесе электрондық пошта мекенжайын ауыстыруы туралы уақтылы алынбаған ақпарат үшін жауапкершілік көтермейді.

11.5. Қарыз алушы Қарыз берушіден Шартта көрсетілген ұялы телефон нөміріне жарнамалық сипаттағы ақпараттық СМС-хабарламаларды алуға өз келісімін береді.

11.6. Қарыз алушы өз келісімін береді:

1. осы келісімді қабылдаған кредиттік есепті алушыға - Қарыз берушіге және Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарына (бұдан әрі – «ҚР ПО») болашақта келіп түсетін деректерді қоса алғанда, кредиттік бюролардан кредиттік есептерді беруге.

2. Қарыз берушіде ақпарат беру туралы шарт жасалған «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ – ға (бұдан әрі – «МКБ») және ҚР ПО-ға ақпарат беруге.

11.7. Қарыз беруші мен Қарыз алушының Шартта реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.